# Жерлесіміздің көрмесі ашылды

**Белгілі қолөнер шебері, екі мыңнан астам оюлардың авторы, өлкетанушы Шөптібай БАЙДІЛДИННІҢ еңбектері елорданың төрінен орын алды. Ұлттық өнеріміз насихатталған көрме «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында, Астананың – 20 жылдық мерекесіне орай ашылып отыр.**



Шөптібай БАЙДІЛДИН ағамыздың 400 – ден астам оюы мен кітаптары қойылған көрме Қ. Р. Әскери – тарихи мұражайында салтанатты түрде ашылды. Шараға тарихшы Қойшығара САЛҒАРИН, оюды зерттеуші ғалым Қаржаубай САРТҚОЖА, Республикалық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Өмірзақ ОЗҒАНБАЕВ, спорт саласының маманы Жомарт САБЫРЖАНОВ сынды азаматтар қатысып, ұлттық өнерді жаңғырту тақырыбында өз ойларын ортаға салған. Шөптібай БАЙДІЛДИН ағамыз көрмеге келушілер мен БАҚ өкілдеріне оюдың тарихы, олардың түрлері, мән – мағынасы жайлы толыққанды түсіндіріп берді. Сонымен бірге өзі зерттеп, кітап жазған Кейкі (Нұрмағанбет) КӨКЕМБАЙҰЛЫНЫҢ асқан мергендігі, батырлығы жайлы әңгіме өрбітті. Жерлесіміздің көрмесі. Қ.Р. Әскери – тарихи мұражайында 1 ай бойы жұмыс жасмақ.

Еске сала кетсек, Шөптібай БАЙДІЛДИН ағамыз ою-өрнек жасаумен қырық жылдан аса уақыттан бері айналысып келеді. Еңбектері бұған дейін де мәртебелі шараларда ұлттық өнерімізді әлемге таныту үшін ел назарына ұсынылған. 1992 жылы Түркияда, 1996 жылы Америкада өткен Атланта Олимпиадасында қойылған. Астана және облыс орталықтарында жеке көрмелері тұрақты түрде ұйымдастырылып тұрады. 2009 жылы Тұңғыш Президент мұражайында жеке көрмесі қойылған.

«Қазақтың ою-өрнектері», «Ою ой, өрнек сал», «Оюмен ой айтқан елміз» атты ою-өрнек жинақтарының және «Санаулы ғұмырымдағы саналы ойларым», «Кейкі батыр» атты кітаптардың авторы, ғылыми жұмыстары халықаралық және республикалық деңгейдегі конференцияларда және баспасөз беттерінде де жарияланып жүр.

Әлемдік Шыңғысхан Академиясының «Құрметті академигі», Абылай ханның 300 жылдығына арналған халықаралық конференцияның «Алтын медалінің» және «Қазына сыйлығының» екі мәрте иегері. Арқалық қаласының «Құрметті азаматы».

**Дархан ЕРМАҒАНБЕТОВ**